



Лексикалық тақырып: *Археология*

Грамматикалық тақырып: *Есімдік*

Мәтінді оқып, тапсырмаларды орындаңыз.

Археология

Археология — тарих ғылымының ежелгі дәуір мен орта ғасырдағы адамзат қоғамы дамуының заңдылықтары мен негізгі кезеңдерін зерттейтін саласы.

Басты зерттеу нысаны алғашқы қауымнан, ерте заман мен орта ғасырлардан қалған материалдық ескерткіштер: еңбек құралдары, қару-жарақ түрлері, мекен-жай, қоныстардың, керуен сарайлар мен әскери бекіністердің жұрты, үй-іші заттары, зираттар, обалар, т.б. Бұл заттар ғылымда археологиялық ескерткіштер деп аталады. Олар топыраққа көміліп, жер астында қалып, қалалар мен бекіністердің қираған орындарында бірнеше қабаттардан тұратын төбелер пайда болады. Мұндай қатпарлар археологияда мәдени қабаттар деп аталады. Қазақстан жеріндегі ең үлкен қала болып есептелетін Отырардың мәдени қабатының биіктігі 18 м. Кейбір обалардың биіктігі 20 м-ге, аумағы 100 м²-ге дейін жетеді. Қазба жұмыстары кезінде табылған материалдық деректерге ғылыми түсініктеме беру үшін археологияда антропология, этнология, геология, ботаника, зоология, палеонтология, физика, химия, топырақтану ғылымдарының зерттеу әдістері кеңінен пайдаланылады.

Археология (ол гректің *archaios* – ескі, *logos* – ғылым деген сөздерінің қосылуынан шыққан) термині біздің заманымыздан бұрынғы 4 ғасырда көне заманды зерттейтін ғылым ретінде (Платон) қолданыла бастағанымен, ғылыми археологиялық зерттеулер Еуропада қайта өркендеу дәуірінде ғана жүргізілді. 15 – 16 ғасырларда Италияда ежелгі сәулет өнерінің мұраларын іздеуге, 18 – 19 ғасырларда Қосөзен бойында көне мәдени мұраларды зерттеуге бағытталған қазба жұмыстары жүзеге асырылды. 19 ғасырдың 1-жартысында Ресейде Қара теңіз жағалауындағы көне грек қалаларының қалдықтары мен скиф обаларын жүйелі түрде зерттеу басталды. Қазақстан мен Орта Азияда археологиялық зерттеулер 19 ғасырдың 70-жылдарында бастау алды және олар Василий Радлов, Николай Веселовский, Петр Лерх, Василий Бартольд есімдерімен байланысты. 1920 – 30 ж. Әлкей Марғұлан, Сергей Руденко, Александр Бернштам, т. б. басқарған экспедициялар Қазақстан жерінде күрделі археологиялық барлау, қазба жұмыстарын жүргізді.

Лексика-грамматикалық тапсырмалар



1. Берілген сөздерді орыс тіліне аударыңыз.

Еңбек құралдары, қару-жарақ түрлері, мекен-жай, қоныстардың, керуен сарайлар мен әскери бекіністердің жұрты, үй-іші заттары, зираттар, обалар.

2. Мына сұрақтарға жауап беріп, өзара сұхбат құрыңыз.

1. Археология қандай ғылым саласы?
2. Қазақстан жерінде қандай археологиялық қазба жұмыстары жүргізілді?
3. Археологиялық қазба жұмыстарын жүргізу кезінде қандай құнды жәдігерлер табылды?
4. Қазақстан жерінде күрделі археологиялық барлау, қазба жұмыстарын жүргізген қандай ғалымдарды білесіз?
5. Археологиялық ескерткіштерге нелер жатады?

3. Мына сөздер мен сөз тіркестерін пайдаланып сөйлем құраңыз.

Қазба байлықтар, кен орындары, жәдігерлер, алтын адам, обалар, археологиялық зерттеулер, экспедиция, мамандық иелері, жастар, студенттер.

4. Мәтінді оқып, стилін анықтаңыз.

- мәтінді оқып, стилін анықтаңыз
- мәтіннен термин сөздерді теріп жазыңыз
- мәтінде айтылған тәртіптерді жадыңызда ұстаңыз
- мәтіннен есімдіктің түрлерін тауып, теріп жазыңыз

Әлем жұртшылығы тарихы деректері мен мұраларға қашанда үлкен қызығушылықпен, құлшыныспен қарайды. Жаһан жұртшылығының басым бөлігі туристік сапарға шыға қалса, міндетті түрде тарихи бай өлкелерге ат басын тірейді. Мәселен, Мысырдың пирамидаларын немесе Ұлы Қытай қорғанын көру кезінде сұлулыққа деген құштарлығы бар жандардың барлығының армны болар. Ал, жекелей заттардың да құны, бағасы жылдан – жылға артып келеді. Мысалы, әйгілі суретші Леонардо да Винчидің «Джокондасы» әлі күнге дейін сақтандырылмаған екен. Оның басты себебі картина құнының жоқтығы екендігі бізге бұрыннан мәлім.

Қазақстан жерінде де көптеген археологиялық қазбалар табылған. Көне қалалардың орны халқымыздың бай тарихынан сыр шерткендей. Ал, күні бүгінге дейін жоғалмай келген Тараз, Түркістан сияқты сан ғасырлық тарихы бар қалалар бүгінде көптеген туристердің таңдана отырып аралайтын мекеніне айналған.

Археологиялық қазбаларға келетін болсақ, бұл тұрғыдан Қазақстан жерін зерттеудің негізгі жұмыстары ХХ ғасырда жүргізілген. Қала орындары, зираттар, мешіт- медреселер кең байтақ Отанымыздың түкпір- түкпірінен табылған.

Ал, Алматы облысындағы есік қорғанынан «Алтын адам» табылған кезде алыс - жақын елдердің барлығы елең еткенді. Бұл 1970 жыл болатын. Археологиялық олжаны тапқан тарих ғылымдарының докторы Кемел Ақышев басқа да ғалымдармен кеңесе отырып бұл біздің заманымызға дейінгі IV ғасырда өмір сүрген сақ ханзадасы деген шешімге келді. «Алтын адамның» бойындағы қаруы да, үстіндегі киімі де түгелдей дерлік алтыннан құйылған. Бұл ең алдымен киімнің ішіндегі адамның, сонан соң оның елінің дәулетін көрсетсе, екіншіден сол кездің өзінде-ақ түсті металлургияның қыр - сырын меңгерген тайпалардың өмір сүргенін куәландырғандай. Аталмыш олжаның көшірмесі Алматыдағы Орталық мұражайға қойылды, кейін қазақ елінің басты символы ретінде басқа елдерде қойылған көрмелерге шығарылды.

Оңтүстік астананың орталық алаңында (Республика алаңы) Тәуелсіздік монументінің негізгі бейнесі де осы «Алтын адам».

Қазіргі кезге дейін бұдан басқа тағы екі «Алтын адамның» табылғаны жөнінде екінші бірі біле бермейтіні анық. Бұл сөзіміздің растығын дәлелдеу үшін олар жайлы да мәлімет бере кетейік. Екінші «Алтын адам» 1999 жылы Атырау облысының Аралтөбе қорғанынан табылған. Олжаны қазу жұмыстарын тарих ғылымдарының кандидаты Зейнолла Самашев жүргізген. Біздің дәуірімізге дейінгі III ғасырға жататын осынау алтынмен көмкерілген жанды оның болат семсеріне қарап, ғалымдар сарматтардың көсемі деген қорытындыға келген екен.

Ал, үшінші «Алтын адам» 2003 жылы табылған. Профессор, тарих ғылымдарының докторы Әбдеш Төлеубаев бастаған археологтар қауымы бұл олжаны Шығыс Қазақстан облысының Шілікті жазығынан қазып алған. Ғалымдардың пайымдауынша, бұл «Алтын адам» біздің дәуірімізге дейінгі VII-VIII ғасырларда өмір сүрген. Мекен еткен жеріне және үстіндегі құйма алтыннан жасалған аң - құс белгілеріне

қарағанда сақ патшасына келетін бұл олжа әлі де зерттелу үстінде.

Міне, сонымен күні бүгінге дейін бір емес үш «Алтын адам» табылғанынан хабардар болдыңыздар. Ұлан байтақ жері бар Қазақстан жерінде әлі қанша «Алтын адам» жатқаны белгісіз. Оны зерттеу уақыттың еншісінде.

5. Өздеріңіз білетін қазақстандық архелог-ғалымдарды атап, еңбектерін көрсетіңіз.

М: Тарих ғылымдарының докторы Кемел Ақышев...

- 1.
- 2.
- 3.

6. Жоғарыда берілген мәтіннен есімдіктерді тауып, оларды мағыналық түрге ажыратыңыз, бағанға орналастырыңыз.

Жіктеу	Сілтеу	Сұрау	Өздік	Белгісіздік	Болымсыздық	Жалпылау
М: мен	М: ол	М: кім	М: Өзіміз	М: әлдекім	М: ешбір	М: күллі

7. Мәтін мазмұнына сәйкес төмендегі сөздерді өзара байланыстырыңыз.

Екінші «Алтын адам»	бұл тұрғыдан Қазақстан жерін зерттеудің негізгі жұмыстары ХХ ғасырда жүргізілген.
Археологиялық қазбаларға келетін болсақ,	1999 жылы Атырау облысының Аралтөбе қорғанынан табылған
«Алтын адам» табылған	көптеген археологиялық қазбалар табылған.
Қазақстан жерінде де	Алматы облысындағы есік қорғанынан

8. Сұрау есімдігінің септелуі мен тәуелденуін көрсетіңіз.

Сұрау есімдігінің септелуі	Сұрау есімдігінің тәуелденуі
Атау: кім Ілік Барыс Табыс Жатыс Шығыс Көмектес	I жақ: кімім II жақ III жақ

9. Мақал-мәтелдерді ұйқасын тауып жалғастырыңыз.

- 1) Шебердің инесі де алтын,
Соққан күймесі де
- 2) Ұстаның бізі сүйкімді,
- 3) Ұстаның өрісі көрігінен
- 4) Алтын менен күмісті Зергер үшін жаратқан,
Арқар менен құлжаны
- 5) Шебердің инесі де алтын,
- 6) Шеберді саусағы асырайды
- 7) Қойшыны таяғы асырайды,
- 8) Дикан жерді анасындай сүйеді,
- 9) Егіншіні кетпеннің жүзі
- 10) Малды баға білмеген пайданы

Керекті сөздер: төсіне дейін, мерген үшін жаратқан, жақсының сөзі сүйкімді, бармағын жалар, соққан түймесі де алтын, таба білмейді, асырайды, жер диканын баласындай сүйеді, қасқырды аяғы асырайды.

10. Сөйлемдерге морфологиялық талдау жасаңыз.

1. Үшінші «Алтын адам» 2003 жылы табылған.
2. Профессор, тарих ғылымдарының докторы Әбдеш Төлеубаев бастаған археологтар қауымы бұл олжаны Шығыс Қазақстан облысының Шілікті жазығынан қазып алған.
3. Ұлан байтақ жері бар Қазақстан жерінде әлі қанша «Алтын адам» жатқаны белгісіз.
4. Алматы облысындағы есік қорғанынан «Алтын адам» табылған кезде алыс –жақын елдердің барлығы елең еткенді.

11. Тест тапсырмалары

1. Есімдіктің мағыналық түрі

- A) бес
- B) төрт
- C) үш
- D) алты
- E) жеті

2. Сілтеу есімдіктерін көрсет

- A) Бұл, мен, ешкім
- B) Кейбіреу, кім, қандай
- C) Анау, мынау, сол
- D) Солар, ешқашан, ешқандай
- E) Сонау, сен, ол

3. Жіктеу есімдіктерін көрсет

- A) Бұл, мен, ешкім;
- B) Кейбіреу, кім, қандай;
- C) Анау, мынау, сол;
- D) Солар, ешқашан, ешқандай;
- E) Мен, сен, ол.

4. Жалпылау есімдіктерін көрсет

- A) Бұл, мен, ешкім;
- Б) Кейбіреу, кім, қандай;
- С) Барлық, бәрі, түгел;
- Д) Солар, ешқашан, ешқандай;
- Е) Мен, сен, ол

5. Белгісіздік есімдіктерін көрсет

- A) Әлдене, кейбір, қайсыбір;
- В) Кейбіреу, кім, қандай;
- С) Барлық, бәрі, түгел;
- Д) Солар, ешқашан, ешқандай;
- Е) Мен, сен, ол.

6. Болымсыздық есімдіктерін көрсет

- A) Әлдене, кейбір, қайсыбір;
- В) Кейбіреу, кім, қандай;
- С) Барлық, бәрі, түгел;
- Д) Ештеңе, ешқашан, ешқандай;
- Е) Мен, сен, ол.

Сіз бұл адамды білесіз бе?

Уәлиханов Шоқан (Мұхамедханафия) Шыңғысұлы (1835-1865) – қазақтың ұлы ғалымы, ағартушы, шығыстанушы, тарихшы, этнолог, географ, фольклортанушы, суретші.

Қазіргі Қостанай облысы аумағында (Сарыкөл ауданы Күнтимес мекенінде) дүниеге келген. Бабасы – Абылай Қазақ Ордасының, атасы – Уәли Орта жүздің хандары болған. Әкесі – Аманқарағай округінің аға сұлтаны Шыңғыс Уәлихановтың Күнтимес қыстауында ашқан қазақ мектебінде бастауыш білім алған. Шоқан осы мектепте оқып жүріп өлең, жыр, аңыз әңгімелерді оқуға және хатқа түсіруге машықтанды. Көне шағатай тіліндегі дүниелерді тануды, арабша, парсыша оқу дағдыларын меңгерді. Халық мұрасын жинауды қолға алған әкесіне көмектесе жүріп, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Едіге» жырларының нұсқаларын жазып алуға қатысты.

1856-1857 жылғы алғашқы саяхаттарының ғылыми нәтижелері Уәлихановтың «Ыстықкөл сапарының күнделігі», «Қытай империясының батыс провинциясы мен Құлжа қаласы», «Қырғыздар туралы жазбалар» атты еңбектерінде баяндалған. Осы сапарларында Уәлиханов қырғыз тарихының мәселелеріне, әсіресе, қырғыздардың Енисей алабын, Памир, Алтай тауларын бір мезгілде қалайша мекендегеніне ой жіберген. Саян – Тянь-Шань аралығы қырғыздардың көші-қон мекені болғаны жайлы ғылыми мәселені қолға алған. Уәлихановтың тарих, география саласындағы еңбегінің даңқы Петербург ғалымдарына жетіп, 1857 жылы ақпанның 27-інде 20-дан жаңадан асқан Шоқан Орыс география қоғамына толық мүшелігіне сайланады.

Ғылыми еңбектері ішінде Жетісу, Ыстықкөл, Тянь-Шань, Шығыс Түркістанға тарихи-географиялық шолу жасауға арналған «Жоңғария ескерткіштері», «Қазақтар туралы жазбалар», «Алтышаһардың, яғни Қытайдың Нан-Лу провинциясының (Кіші Бұхараның) жайы» сияқты зерттеулерінің орны ерекше. Қазақтың тарихы мен этнографиясына, қазақ даласының әлеуметтік-саяси қатынастарына арналған еңбектерінің де мәні зор («Абылай», «Көне замандағы қазақтың қару-жарақ, сауыт-саймандары», «Шона батыр», «Сот реформасы туралы жазбалар», «Даладағы мұсылмандық», «Тәңірі»,

«Қазақтың көші-қоны», т.б.). Көптеген еңбектерінде ол тарихшы, географ, этнограф қана емес, публицист, әдебиетші, жазушы ретінде де көрінеді.